

Жалпы ата – аналар жиналысының хаттама көшірмесі

Тақырыбы: « Бала – біздің болашағымыз»

Мақсаты : мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгертуге қатысты ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу, тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

2022-2023 оқу жылындағы №6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасының ағымдағы жүргізілетін оқу тәрбие жұмыстарын ата-аналармен жүйелі, тиімді ұйымдастыру.

Бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақша жұмысының ынтымақтастығын жандандыру.

Қатысушылар:

1. Балабақшаның барлық жас топтарының ата-аналары мен педагогтері-79 ата – 12 педагог

Өткізілу нысаны: семинар

Мерзімі: 23.09.2022ж

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгерту бойынша түсіндіру жұмыстары.

2022-2023 оқу жылындағы оқу тәрбие жұмыстарының қорытындысы мен жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен таныстыру.

Хабарламашы: әдіскер: Малаева Г.А

2.Бейнеролик «Бақшадағы бір күнім».

3. Ағымдағы мәселелер

№6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақша меңгерушісі : Бурханова Ж.Ж

Медбике: Даулетбаева А.Ж

4.2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау, жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру.

5.Тренинг « Табиғатсыз адамдардың үні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ»

1.Күн тәртібіндегі І-ші мәселе бойынша №6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасының әдіскері Малаева Г сөз алды:

Биылғы оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастырудағы ерекшеліктері :Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша сәйкес және тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: - физикалық дамыту; - коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылатындығы және оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысымен жаңа оқу жылындағы мақсат, міндеттермен таныстырды, тыңдалып талқыланды.



2 . Бейнеролик «Бақшадағы бір күнім» , әр топтың бір күндік қызықты сәті көрсетілді.

Ортаңғы «Балдырған» тобының ата-анасы Баймағанбетова Дана сөз алды:
Бейнероликтен алған әсерім мол. №6 «Орман ертегі»балабақшада балаларымыздың тәрбиеленіп жатқанына қуанамыз.

3. Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі : Бурханова Ж.Ж сөз алды: Биылғы 2022-2023 оқу жылында балалардың балабақшамен қамтылу деңгейі, заман талабына сай қарапайым білім дағдыларын балабақшадан меңгерту үшін балабақшадан себепсіз қалдырмауларын ескертті.

Медбике: Даулетбаева А.Ж сөз алды: Жаңадан келген балалардың бейімделуі, күнделікті тазалық жұмыстарын уақытылы жүргізу жөнінде айтып өтті.



4.2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайланды.

Ата -аналар комитетінің төрағасы:Елеубаева Алмажай

Мүшелері: Тлесова Бақытгүл

Джумагалиева Динара

Ермағамбетова Гүлбаян

5.Тренинг « Табиғатсыз адамдардың үні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ»

Ата- аналармен «Табиғатсыз адамдардың үні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» атты ойынын ойнауға ортаға шақырылды.. Әркім өз қалауынша жапырақ мен тамыр алды.



Тамыр алғандар бір топқа, жапырақ алған дар бір топ болып бөлініп , «Не пайдалы?» және «Не пайдасыз?» тағам түрлерін жазу және топ мүшесінің ішінен бір адам шығып қорғады



Таңдаған тамыр мен жапырақтың психологиялық сәйкестігі айтылды. Тамыр таңдағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар.

Жапырақ таңдағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтындар.

Осы ағаштың тамыры – ата - ана, діңгегі - тәрбиеші, жапырағы – балаларымыз.

Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемісін береді деп , алмаларды алып тілек жазып ағашқа орналыстырды.



Қаулы етеді:

1. Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасының жұмысының ынтымақтастығын жандандыру топ тәрбиешілеріне міндеттелсін.
2. Бөбекжайдың ағымдағы оқу жылында жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарын ата-анамен жүйелі, тиімді ұйымдастыру өткізу топ тәрбиешілеріне міндеттелсін, балаларды себепсіз бөбекжайдан қалдырмау ата-аналарға міндеттелсін.
3. №6 «Орман ертегі» бөбекжай- балабақшаның 2022-2023 оқу жылындағы ата-аналармен жүргізілетін тәрбие мен оқыту жұмысының жылдық жоспары бекітілсін.
4. 2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар комитетінің жаңа құрамы сайланды.

Төрағасы: Елеубаева А



Хатшы: Надиршина А



